



ТҰРПАЖ- ҚАЗАЛЫ

№44
(2422)
Сенбі
20 маусым
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов кезектілікке сәйкес тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Қабылдауға келген 21

тұрғын аудан әкіміне өтініш-тілектерін жеке-жеке жеткізіп, мәселелерінің оң шешімін табуына ықпал жасауды сұрады.

Тұрғындардың басым бөлігі тұрақты жұмысқа орналасты-

ру, тұрғын үй мен жер кезегі мәселесін қозғады. Мұнан бөлек, Әйтеке би кентіндегі бірқатар көшелерге асфальт қабаты мен жаяу жүргіншілер жолын салу, көше жарықшамдарын орнату, аяқ су арықтарын тазалау, кәсіпкерлік нысан алдындағы жаяу жүргіншілер жолын алып тастау және көп қабатты тұрғын үйлердің шатырын ауыстыру, жөндеу жұмыстарын жүргізуді сұрады.

Аудан басшысы жұмыссыздық мәселесі бойынша мамандықтарға сәйкес сұраныс болған жағдайда бос жұмыс орындарына кезектілікпен жіберілетіндігін түсіндірді. Сондай-ақ, кейбір азаматтарға қоғамдық жұмыс арқылы да жұмыс істеуге мүмкіндік барын

жеткізді. Ал, тұрғын үй мен жер кезегі бойынша бүгінгі таңда ауданда халықтың әлеуметтік осал топтарын баспанамен қамту бойынша жұмыстардың қарқынды жүргізіліп жатқандығын айтып, кезектілікке сәйкес баспанаға қол жеткізетіндерін айтты.

Кент ішіндегі аяқ су арықтарын тазалау, кәсіпкерлік нысан алдындағы жаяу жүргіншілер жолын алып тастау үшін тиісті сала басшылары бірлесіп зерттеп, заңдылығына сәйкес шара қабылдау жөнінде тапсырма берді. Басқа да мәселелерге байланысты тиісті заңдылықтарға сәйкес жұмыстар атқарылатынын айтып, соған сәйкес жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

МӘЖІЛІСТЕ ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫ МЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте теміржол саласы мен инфрақұрылымын дамыту мәселесі қаралды. Оған аудан әкімі Алмасбек Есмаханов селекторлық режим арқылы қатысты.

Мәжілістен кейін аудан әкімінің төрағалығымен өткен басқосуда күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланып, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берілді.

Мәжілісте ауданның инфрақұрылымын дамыту, жол құрылысы мен жөндеу жұмыстары, электр желілерін жаңғырту, елді мекендерді газдандыру, макроэкономикалық көрсеткіштердің орындалуы, санитарлық тазалық, көктемгі әскерге шақыру науқаны және қоғамдық қауіпсіздікке қатысты өзекті мәселелер жан-жақты қаралды.

Жиында аудан басшысы алдымен аудан аумағындағы теміржол саласын дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

-Аудан орталығындағы 100 жылдан астам тарихы бар теміржол вокзалы қайта жаңғыртудан өтіп, жолаушыларға қолайлы әрі заманауи талаптарға сай жағдай жасалды. Аудан арқылы тәулігіне 12 жұп жолаушылар пойызы, 4500-ге



жуық жолаушылар өтеді. Аудан орталығынан Ақтөбе қаласына 1 жұп жолаушылар пойызы қатынайды. Аудан аумағынан өтетін теміржол желісінің ұзындығы 91 шақырымды құрайды.

Ағымдағы жылы «Еңбекшіқазақ» разъезді мен Байқожа елді мекені аралығындағы 18 шақырым теміржолға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Ауданда теміржол саласында жүзеге асырылған тағы бір маңызды жобаның бірі теміржол арқылы өтетін көпірдің құрылысы. Құны 1,3 млрд. теңгені құрайды. Бұл нысан теміржолдың арғы бетінде орналасқан Әйтеке би кентінің 13 мыңға жуық тұрғынының ұзақ жылдан бері көтеріп кел-

ген мәселесін шешіп, олардың қауіпсіз әрі қолайлы қозғалысын қамтамасыз етті. Жалпы, жүзеге асырылып жатқан мұндай инфрақұрылымдық жобалар тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырумен қатар, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына және сәулеттік келбетінің жақсаруына тың серпін беруде, - деді аудан басшысы.

Жиында аудан әкімі аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының сапасы, жол жөндеу жұмыстарының мерзімінде әрі сапалы орындалуы, құрылыс нысандарына техникалық бақылауды күшейту мәселелерін көтерді. Сондай-ақ, жауапты сала басшыларына әрбір жобаның орындалуын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

Мәжілісте электр желілерінің тозу деңгейін төмендету, қосалқы станция құрылысы, орамшілік газ желілерін тарту және әлеуметтік нысандарды газ отынына көшіру жұмыстары да талқыланды. Бұл бағыттағы жобаларды қаржыландыру бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Бұдан бөлек, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу шаралары, судағы қауіпсіздік, тұрғындардың жаз мезгіліндегі демалыс кезіндегі қауіпсіздігі де күн тәртібінен тыс қалмады. Жауапты мекемелерге профилактикалық және түсіндіру жұмыстарын күшейту тапсырылды.

Көктемгі әскерге шақыру науқанының орындалу барысы қаралып, жоспар көрсеткіштерін толық орындамаған елді мекен әкімдеріне жұмысты жандандыру жүктелді.

Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы санитарлық тазалық, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары сараланып, анықталған кемшіліктерді қысқа мерзімде жою міндеттелді.

Мәжіліс қортындысында аудан әкімі барлық жауапты сала басшылары мен әкімдерге берілген тапсырмаларды мерзімінде және сапалы орындауды қатаң бақылауға алуды тапсырды.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

АППАРАТ МӘЖІЛІСІНДЕ КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде кадрлық өзгерістер таныстырылды.

Қазалы ауданы әкімдігі жанындағы конкурстық комиссиясының қортындысы негізінде аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары қызметін атқарып келген Бөріқұлақов Ақтілеу Талайлыұлы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалды.

Ақтілеу Талайлыұлы жоғары білімді, 2003 жылы Алматы экономика және статистика академиясын «Экономист» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 2004 жылы Ү.Түктібаев ауылдық емханасының есепшісі болып бастаған. Әр жылдары ауданның қаржы, экономика, кадр және мемлекеттік басқару салаларында жауапты қызметтер атқарған. 2017-2018 жылдары «Ақжона» ауылдық округінің әкімі, 2018-2025 жылдары аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы, 2025 жылдың сәуір айынан бастап осы кезге дейін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.

Аудан басшысы Ақтілеу Талайлыұлының кәсіпкерлік саласында мол тәжірибе жинақтағанын атап өтіп, кәсіпкерлік субъектілерінің үлесін арттыру, жаңа өндіріс орындарын ашу және инвестициялық жобаларды тиімді жүзеге асыру бағытында нақты тапсырмалар жүктеді.



Сондай-ақ, конкурстық комиссия қортындысымен аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы қызметін атқарып келген Зинадинов Ғалымжан Зинадинұлы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары лауазымына тағайындалды.

Ғалымжан Зинадинұлы еңбек және әлеуметтік қорғау, салық, қаржы және мемлекеттік басқару салаларында ұзақ жыл еңбек еткен тәжірибелі маман. Аудан басшысы оған әлеуметтік төлемдердің заңдылығын бақылау, жұмыспен қамту шараларын тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ Отбасын қолдау орталығы жұмысының нәтижелілігін арттыру бағытында бірқатар міндеттер жүктеді.

Сонымен қатар, ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы директорының бұйрығына сәйкес Сисен Ғалымжан Әлдебайұлы «Ә.Тыныбаев атындағы Қазалы су торабы» өндірістік учаскесінің басшысы болып тағайындалды.

Ғалымжан Әлдебайұлы су шаруашылығы саласында көп жылдық тәжірибесі бар маман. Аудан әкімі стратегиялық маңызы бар нысанда су ресурстарын тиімді басқару, көлдер жүйесін суландыру және су тасқыны кезеңіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстың маңыздылығына тоқталып, Ғалымжан Әлдебайұлының жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

Ғалымжан Әлдебайұлы су шаруашылығы саласында көп жылдық тәжірибесі бар маман. Аудан әкімі стратегиялық маңызы бар нысанда су ресурстарын тиімді басқару, көлдер жүйесін суландыру және су тасқыны кезеңіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстың маңыздылығына тоқталып, Ғалымжан Әлдебайұлының жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

Ғалымжан Әлдебайұлы су шаруашылығы саласында көп жылдық тәжірибесі бар маман. Аудан әкімі стратегиялық маңызы бар нысанда су ресурстарын тиімді басқару, көлдер жүйесін суландыру және су тасқыны кезеңіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстың маңыздылығына тоқталып, Ғалымжан Әлдебайұлының жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

Ғалымжан Әлдебайұлы су шаруашылығы саласында көп жылдық тәжірибесі бар маман. Аудан әкімі стратегиялық маңызы бар нысанда су ресурстарын тиімді басқару, көлдер жүйесін суландыру және су тасқыны кезеңіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстың маңыздылығына тоқталып, Ғалымжан Әлдебайұлының жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

Ғалымжан Әлдебайұлы су шаруашылығы саласында көп жылдық тәжірибесі бар маман. Аудан әкімі стратегиялық маңызы бар нысанда су ресурстарын тиімді басқару, көлдер жүйесін суландыру және су тасқыны кезеңіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстың маңыздылығына тоқталып, Ғалымжан Әлдебайұлының жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТТІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың қатысуымен Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында медицина қызметкерлері күніне арналған салтанатты шара өтті.

Мерекелік шараға ел ағалары, ауданнан сайланған облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттары, медицина саласының ардагерлері мен қызметкерлері қатысты.

Аудан басшысы жиналған қауымды кәсіби мерекесімен құттықтап, аудан медицинасының бүгінгі жетістігі мен салаға көрсетіліп жатқан қолдаулар жайында сөз қозғады.

-Денсаулық — адам баласының баға жетпес байлығы, ал оны сақтау жолында қызмет ету — үлкен жауапкершілік пен асқан жанаушылықты талап ететін абыройлы міндет. Бүгін Ақордада Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы медицина саласының қызметкерлерін марапаттау рәсімінде «Халқымыз «Бірінші байлық — денсаулық» деген тағылымды сөзге ерекше мән берген. Ұлт саулығы — еліміз үшін бәрінен қымбат құндылық. Сондықтан медицина саласын дамыту мемлекеттің стратегиялық міндеті саналады», - деген болатын.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен және облысты төрт жылдан астам уақыт басқарған ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен ауданымызда денсаулық сақтау сала-



сын дамытуға, медицина қызметкерлеріне жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталған кешенді шаралар нәтижелі жүзеге асырылды. Соңғы төрт жылда ауданның денсаулық сақтау саласына 2,6 млрд. теңге қаржы бөлініп, халықтың сұранысына сәйкес түйіткілді мәселелер шешімін табуда. «Бозкөл», «Кәукей», Абай ауылдарында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 3 бірдей дәрігерлік амбулаториялар пайдалануға беріліп, «Жалпақ», Жұбан елді мекендерінде жаңа медициналық бекеттер ашылды. «Бекарыстан би» және «Болат жолы» дәрігерлік амбулаторияларының ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, медициналық нысандардың жағдайы айтарлықтай жақсарды. Елді мекендердегі денсаулық сақтау ұйымдарына 26 дана жедел жәрдем автокөлігі табысталып, ауданды санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі толыққанды шешілді. Аудандық көп бейінді орталық аурухананың жанынан Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес құны 1,9 млрд теңге болатын 42 төсектік кардиология және инсульт орталығы іске қосылды. Аталған орталықта биыл ақпан айында заманауи компьютерлік томография аппараты жұмыс істейтін жаңа кабинет ашылып, құны 326,6 млн теңге болатын компьютерлік томограф аппараты іске қосылды. Биыл орталыққа заманауи МРТ медициналық құрылғысын орнату жоспарланып отыр. Жыл басынан бері ауданымызда 416 сәби дүниеге келді. Өткен жыл-

дан бері Қазалы көп бейінді орталық ауруханасында жүрек ырғағының бұзылыстары бойынша аритмологиялық жоғары мамандандырылған оталар алғаш рет жасала бастады. Алдағы уақытта да облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлының қолдауымен халық денсаулығын жақсартуға бағытталған жобалар мен медицина саласындағы ең маңызды мәселелерді шешу бойынша жұмыстарды жалғастыра беретін боламыз, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Мерекелік шарада қажыры мен қайратын, білімі мен біліктілігін ұлт саулығына арнаған медицина қызметкерлері марапат төрінен көрінді. Сала үздіктеріне ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Құрмет грамотасы», облыс әкімі мен аудан әкімінің және облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының Алғыс хаттары, Қазалы ауданы мен денсаулық сақтау басқармасының «Құрмет грамоталары» табысталды.

Мерекелік іс-шарада дәрігерлер әріптестеріне деген жүрекжарды тілегін әнмен жеткізсе, ал, аудан өнерпаздары медицина қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап ән шырқап, мерекелік ерекше көңіл-күй сыйлады.

Мерекелік шарада медицина саласының ардагерлері де назардан тыс қалмай, оларға аудан әкімінің мерекелік сый-сияпаттары ұсынылды.

**Қазалы ауданы әкімінің
баспасөз қызметі**

ӘРІПТЕСТЕРІ ДӘУРЕН ТЛЕУМБЕТОВТІ ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ



Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге байланысты мәжіліс өтті.

Жиында әріптестері осы уақытқа дейін аудан әкімінің орынбасары қызметін атқарған Тлеумбетов Дәурен Оңғарбайұлын Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары лауазымына тағайындалуына байланысты құрметпен шығарып салды.

Аудан басшысы Дәурен Оңғарбайұлының ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әлауқатын арттыруға, әлеуметтік саланы жетілдіруге қосқан елеулі үлесін атап өтіп, жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

Дәурен Оңғарбайұлы Қазалы ауданында дүниеге келіп, еңбек жолын 2009 жылы Қазалы аудандық «Қазалы» газетінде әдеби қызметкер болып бастап, 2011-2013 жылдары аталған газеттің жауапты хатшысы қызметін атқарған. 2013-2014 жылдары Қазалы ауданы әкімінің баспасөз хатшысы, 2014-2017 жылдары «Қазалы аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, 2017-2020 жылдары Қазалы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және инспекторлық жұмысы бөлімінің бас инспекторы, 2020 жылы Қазалы қаласы әкімінің орынбасары, 2020-2021 жылдары «Қазалы аудандық ішкі саясат

бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы, 2021 жылдан бастап бүгінге күнге дейін Қазалы ауданы әкімінің орынбасары қызметін абыроймен атқарып келді. 2024-2025 жылдары ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясында «Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы бойынша білім алып, «Бизнес және басқару» магистрі дәрежесін алды.

Аудан әкімінің орынбасары ретінде ауданымыздағы білім, мәдениет, спорт, дін, қоғамдық даму салаларына жетекшілік жасады. Ауданымыздағы қоғамдық-саяси ахуалды жақсартуға еңбек етті. Қоғамдық бірлестіктермен, үкіметтік емес және жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды жандандырды. Мемлекет басшысы қабылдаған маңызды саяси реформаларды ауданымызда іске асыру шараларын жоғары деңгейде үйлестірді. Соңғы 3 жылда елімізде өткен үлкен маңызды саяси науқандарды Президент, Парламент Сенаты, Мәжіліс пен мәслихат депутаттарының сайлауларын, Референдумдарды ауданымызда жоғары деңгейде ұйымдастыруға атсалысты. Ауданымызда соңғы жылдары ҚР Үкіметі мен аймақ басшысының қолдауымен бой көтерген білім беру, спорт, тарихи-мәдени нысандардың қалыпты қызмет етуіне, мақсатына сай мазмұндық идеологиялық жұмыстардың

жүргізілуіне қосқан зор еңбегін атап өтуіміз қажет», – деді Алмасбек Әбілқасымұлы.

Дәурен Оңғарбайұлына ауданның әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына қосқан елеулі үлесі үшін ауданның ең жоғары марапаты – Қазалы ауданының Құрмет грамотасы табысталды.

Жиында «РЗА» акционерлік қоғамының президенті, Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Құрмет», «Парасат», I және III дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері Самұрат Имандосов, Қазалы ауданының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Қасқырбай Әлімбай, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш сөз сөйлеп, Дәурен Тлеумбетовке сәттілік пен табыс тілеп, жаңа қызметімен құттықтады.

Жиын соңында сөз алған Дәурен Оңғарбайұлы өзіне сенім білдіріп, бірге қызмет атқарған әріптестеріне шынайы ризашылығын жеткізді. Қазалы ауданында еңбек еткен жылдары жинаған тәжірибесі мен әріптестерінің қолдауы алдағы қызмет жолында үлкен демеу болатынын атап өтіп, ауданның өсіп-өркендеуі жолында бірге атқарған жұмыстары үшін аудан басшысы мен барша азаматтарға ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, жаңа қызметте де ел мүддесіне адал қызмет етіп, өңірдің дамуына өз үлесін қоса беретінін айтты.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ҚИЫНДЫҚПЕН ӨМІРГЕ КЕЛІП, ӨМІР СҮРДІМ

Мен Шахмаранов Әмірбек 1938 жылы «Бозкөл» аулында «Қайықжол» деген жерде өмірге келдім. Менің шешем Ешмұратқызы Зейнегүл мені толғатып қайтыс болады. Мен анамның уыз сүтінде ембей қалғанмын. Мені тымаққа салып, керегеге іліп баққан әкемнің шешесі Райқызы Тазагүл. Сол кезде әжем Тазагүлдің 2 жасар баласы қайтыс болып, мені бауырына алып, еміреніп сүті шыққан екен. Әжем мені 12 жасқа жеткізіп қайтыс болады. Райқызы Тазагүл «Бөзкөл» аулының ардақтысы болған. Жастайынан намаз оқып, ораза тұтқан. Ауылда той, садақа болса әжемді шақырып алып кететін. Әжем өте тазайын, туысқандарына қадірлі, мейірімді, әжемнің тәуіпшілігі де бар. Ауыл әйелдері әжемді ауылдың тойларынан қалдырмайтын. Әжем менің басыма жара шыққанда өзі емдеп жазған.

Үлкен атамыз Қанатбай бай болған. Сол атамның атағын шығарған әжем.

Келген қонақтарға жақсы қызмет еткен. Мен бұл жайларды ауыл ақсақалдарынан естідім.

Мен «Бозкөл» совхозында және фермада жүргізуші болып 36 жыл еңбек еттім. 1966 жылы «Бозкөл» аулынан «Тасарықтағы» фермаға көшіп келіп, өмір сүріп келемін. 21 жасымда үйлендім, 5 қыз бен 4 ұлым бар. Зайыбым 1989 жылы 47 жасында қайтыс болды. Мен 50 жаста қалдым. Аллаға шүкір, қазір Болатбек балам мен жолдасы Гүлбану келінім екеуі менің бар жағдайымды жасап, бағып отыр. Балаларымнан 19 немере, қыздарымнан 13 жиен мен 23 шөберем бар.

Менің әкем Шахмаран соғыста қайтыс болған. Әкем қайтыс болған соң 3 жыл балалар үйінде тәрбиелендім. Қиындықпен өмір сүрдік. Ондай қасіретті ұрпақтарымызға ешқашан бермесін.

Әмірбек ШАХМАРАНОВ, «Тасарық» ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы

ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

Ағымбай Әлмира Әбсаттарқызы мектеп қабырғасында оқып жүргенде сабақ үлгерімі жақсы болған. Жастайынан білімге құштар жас өркен дәрігер мамандығына қызығушылықпен қараған. Өйткені аппақ халат киген дәрігер апаларының ізгілікті істеріне қызығып қана қоймай, анасына дәрігер болғысы келетінін айтқан. Анасы қызының талпынысын құп алып, қолдау білдіріп, Қызылорда қаласындағы медицина училищесіне түсуіне ықпал еткен. Нәтижесінде Әлмира 1990 жылы оқуға түсіп, 1993 жылы акушерка мамандығын

үздік бітіріп шықты. Қызметке орналасты. Әріптесі Кенжалы Игембайға тұрмысқа шықты. Біраз жылдар медицина саласында қызмет атқарды. 2009 жылдан бүгінгі күнге дейін көпбейінді аудандық орталық аурухананың перзентхана бөліміндегі босану блогында акушерка қызметін атқарып келеді. Жұбайы Кенжалы Игембай Абай аулы, Жұбан елді-мекенінде фельдшер болып жұмыс атқарып жүр. Олардың үш қыз, бір ұлы бар.

Жоғары санатты мамандар.

Мұқтар СӘЛМЕН, ҚР Журналистер Одағының мүшесі

ОРМАН-ДАЛА АЛҚАПТАРЫН ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ



Өрт - барлық апаттың бастауы. Ол күрделі шығынға әкеліп соқтырады сөзсіз. Оған деген немқұрайлықтан, селқостықтан арылуымыз керек. Өрт әр түрлі жағдайда шығуы мүмкін, сол өрттердің бір түрі орман - дала өрті. Теледидардан байқап отырсаңыздар жылдың көктем, жаз мезгілдерінде, әсіресе орман-дала өрті көп орын алып отырады. Бұл өрттердің көп орын алатыны күннің қызуынан шөптердің қурап, көгеріп өзі өртенуінен және де саяжайға дамалысқа барған азаматтар мен азаматшалардың ошақ құрып от жағып, өртті өшірмей немқұрайлы қараусыз қалдыру салдарынан болып отырады. Табиғатты қорғауда орман шаруашылығы мекемесі қызметінің маңызы зор. Әрбір қорықшы өзіне бекітілген учаскесінде бақылауды күшейткен жағдайда өрттің шығуы да аз болар еді. Өрттердің шығу себептері шаруашылық басшыларының, жеке азаматтардың көктем айларында егіске, бау-бақша егуге даярлық кезінде өртке қарсы ережелерді сақтамауынан. Атап айтатын болсақ, егіс егетін жерлерді, су арналарын арам шөптерден тазарту үшін өртейді де, отты сөндірмей бақылаусыз қалдырып кетеді. Соның салдарынан олар желдің әсерімен жан-жаққа жайылып табиғатқа қыруар зиянын тигізеді. Осындай жағдайларды болдырмау үшін шаруашылық басшылары дала жұмысына бөлінген адамдардың өртке қарсы ережелерді қатаң сақтауын талап етуі тиіс.

**Қазалы ауданы Төтенше
жағдайлар бөлімі**

● Хабарландыру

Медициналық орталыққа келіңіздер!

Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №8 «б» үйдің екінші қабатында (Ақжүрек-С) медициналық орталығы жұмыс істейді. Мұнда УЗИ-ге тексеріліп, инемен емделуге және дерматовенеролог кеңесін алуға болады.

Тел: +7 775 158 95 66, + 777 662 28 96

● Іске аспасын

Әйтеке би кенті, Сәтбаев көшесі, №163 үйдің тұрғыны Бугешбаев Алтынбек Темірхановичтің зейнеткерлік куәлігі жоғалған. Куәлікті Қазалы аудандық полиция бөлімінен 2020 жылы зейнеткерлікке шыққанда алған.

КЕНЕДЕН САҚТАНУ ШАРАЛАРЫН КҮШЕЙТЕЙІК!

Кененің шағуы денсаулыққа үлкен қауіп төндіретін жағдай!

Адамдарға бұл вирус кененің тікелей шағуы, малдарды кенеден қолмен тазарту, жүнін қырқу кезінде және КҚГҚ-мен ауырған адамды күту барысында жұғады. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруы немесе көкала – табиғи ошақтық аса қауіпті жұқпалы вирусты инфекция. Бұл аурудың аса қауіптілігі өлім-жітім көрсеткішінің өте жоғары болуында – 30-70% аралығында.

Ауруды қоздырушы вирустың табиғат пен жануарлар арасында айналысқа түсуіне байланысты медицинада қазіргі таңда ауруды мүлде жойып жіберу мүмкін болмай отыр. Алдын алатын вакцина да жоқ.

Біздің ауданымыздың халқы негізінен мал шаруашылығымен айналысатындықтан КҚГҚ-ның табиғи ошақтары бар елді мекендерде аурудың кездесу ықтималдығы өте жоғары болып саналады.

Кене шаққанда өзінің сілекейімен арнайы фермент бөледі, сол себепті көпшілік жағдайда кененің шаққаны білінбейді. Денеге жақын кенені байқаған кезде жақын орналасқан емхана немесе ауруханаға медкөмекке жүгіну керек. Қорғалмаған қолмен кенені ұстау қауіпті екенін есте сақтаңыз! Себебі, КҚГҚ вирусымен зақымдалған кене болуы мүмкін!

Кенені жалаң қолмен және бірден жұлып алуға болмайды, өйткені кененің тұмсығы қалып қойып, орны іріңдеп, жара болуы мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы бойынша кенені қарапайым медициналық қысқышпен (пинцетпен) немесе резина қолғап киіп, тұмсығына жақын жай қысып ұстап, шайқамай, бұрамай тартып, езіп алмау керек! Ал, қысқыш болмаған жағдайда қарапайым жіппен тұмсығының түбінен орап жәймен тартып алу керек. Жалаң қолмен ұстамау керек! Шаққан орнын иод ерітіндісімен немесе спиртпен залалсыздандыру қажет. Кенені шыны ыдысқа салып, медициналық мекемеге өзімен бірге апару керек. Қажетті жағдайда кене зерттеледі немесе Ұлттық сараптама орталығының Қызылорда облыстық филиалына тапсырып, ақылы түрде зерттеуге болады.

КҚГҚ-сы ауруының алдын-алу мақсатында атқарылатын басты іс-шаралар мыналар болып табылады: Біріншіден, табиғатқа шыққандағы сақтық шаралары.

Вирусты кенеден адамға жұқтырмау шарасы дұрыс киіну!

Денені барынша жабатын ашық түсті киім киіңіз (ашық түсті киімнен кенені байқау оңайырақ), жейденің жеңі ұзын және резеңкелі болғаны дұрыс, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салып алыңыз. Үстіңді жарты сағат сайын тексеріп отыру керек, үйге келген соң денені, әсіресе шаш арасын, құлақ артын жұмсақ жерлерді мұқият тексеріңіз!

Екіншіден, ауыл шаруашылығы мен мал бағудағы сақтық шаралары. Малдан адамға жұқтырмау шараларын қарастыру керек. Ол үшін жануарларға күтім жасағанда (баққан, сауған кезде және тағы басқа), жануарларды мүшелеген, сойған, тасымалдаған және өткізген кезде олардың қанымен, терісімен, ұлпаларымен жанасқанда сақтандыру киімдерін пайдалану керек. Мал үстіндегі кенені қолмен жұлып, сығып өлтіруге болмайды. Кенедегі вирус қолдың көрінбейтін сызаттары арқылы жұғып кетуі мүмкін!

Әрбір мал асырап отырған тұрғын өзінің, бала шағасының денсаулығы үшін мал қорасын тазалап, кенеге қарсы улап, шөбін шауып таза ұстап отыру керек!

Үшіншіден, вирустың адамнан адамға жұғу қауіпін азайып, ауру күткенде арнайы медициналық киімдерді пайдаланып, жеке басының гигиенасын сақтау керек.

Кене шағып алғанда немесе кенемен жанасқанда, жануарларға күтім жасағанда (баққан, сауған кезде және тағы басқа), жануарларды мүшелеген, сойған, тасымалдаған және өткізген кезде олардың қанымен, терісімен, ұлпаларымен жанасқанда, ашық аумақта болғанда (табиғат аясында демалғанда және тағы басқа), қансыраған науқас адаммен жанасқанда ауру жұқтыру қаупі көбейеді.

Ал, егер, жоғарыда көрсетілген жағдайдан кейін адам өзін нашар сезінгенде және дененің қызуы көтерілгенде, кем дегенде бас және бұлшық еттері ауырғанда, жүрек айнығанда, лоқсу сезімі пайда болғанда, іші ауырғанда немесе өткенде, яғни, аурудың алғашқы белгілері кезінде дереу медицина мекемелеріне қаралуы қажет.

**Перизат ӘБДИЕВА,
«Ұлттық сараптама орталығы»
Қызылорда облысы бойынша
филиалының
Қазалы аудандық
бөлімшесінің санитариялық-
эпидемиологиялық
қызмет маманы**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымы газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.